

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 198-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 9 8 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімдері
1	2	3	4	5
	Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау	Қазақстан Республикасы		

1	жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Президентінің Жарлығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
2	«Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
3	«Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 тамыздағы № 861 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
5	«Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
6	«Жергілікті бюджеттер жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 1061 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
7	Инвестициялық ұсыныстардың қажетті сараптамаларын әзірлеу және түзету, өткізу, бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, іске асыру және іріктеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
8	Республикалық концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу үшін тартылатын заңды тұлғаларды айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ, ИЖТМ	2014 жылғы ақпан
9	Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, Қазақстан Республикасының жаңа бастамаларына арналған лимиттерді айқындау ережелерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ	2014 жылғы наурыз
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін айқындау әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭБЖМ, Қаржымині	2014 жылғы ақпан
11	Жергілікті концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу үшін тартылатын заңды тұлғаларды айқындау туралы	ЖАО қаулысы	Облыстардың, Астана және Алматы қк. әкімдіктері	2014 жылғы ақпан
12	«Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптағамасын жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 72 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	ЭБЖМ бұйрығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
	«Бюджеттік өтімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика			

13	және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 73 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ бұйрығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
14	«Концессия объектісінің, концессиялық жобаның құнын және концессионер қызметін мемлекеттік қолдаудың жиынтық құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 23 ақпандағы № 24 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ бұйрығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
15	«Концессиялық ұсыныстарды, конкурстық құжаттамаларды, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді және концессия шарттарының жобаларын сараптауға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 95 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ бұйрығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан
16	«Бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экономика және Бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 16 шілдедегі № 151 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ЭБЖМ бұйрығы	ЭБЖМ	2014 жылғы ақпан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:  
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі  
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар